

## **"ALMAREX" бірлескен кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 ж. 2 шілде, N 267-ө

"Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратын компьютерлендіру мен ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі қағидаларын" жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Іс басқармасының өзінің қарауындағы өндіріс-пайдалану бірлестігінің қатысуымен "NANTAREX С.Ү." фирмасымен "ALMAREX" бірлескен кәсіпорнын құру туралы ұсынысы мақұлданды.

2. "ALMAREX" бірлескен кәсіпорнынның негізгі функциялары Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратын, облыс әкімдерінің аппараттарын ақпаратпен-есептеумен қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу, жалпы мемлекеттік ақпараттандыру бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Ғылым және күтім жасауды ұйымдастыра отырып, техникалық және бағдарлама құрал-жабдықтарын беріп тұру болатыны еске алынсын.

3. "ALMAREX" бірлескен кәсіпорнынның жарғылық қорының үлесі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Іс басқармасының өндіріс-пайдалану бірлестігінің негізгі құрал-жабдығының бір бөлігін пайдалануға рұқсат етіліп, ол құрылтай шартының талаптарында ескерілетін болсын.

Премьер-министр